

Қазақстан Республикасында радиоактивті қалдықтарды көмуге уақытша рұқсат беруді ресімдеу тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 қазандағы N 1161 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 қарашадағы № 1319 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.11.10 № 1319 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:
Қазақстан Республикасында радиоактивті қалдықтарды көмуге уақытша рұқсат ресімдеудің беріліп отырған тәртібі бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 11 қазандағы
N 1161 қаулысымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасында радиоактивті қалдықтарды
көмуге уақытша рұқсат етуді ресімдеу**

ТӘРТІБІ

1. Радиоактивті қалдықтарды /бұдан әрі-РАҚ/ арнайы бөлінген көрлерге /қоймаларға/ көмуге уақытша рұқсат берудің осы тәртібін "Қазақ ССР-індегі қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы" Заңның 42-бабының және Радиоактивті қалдықтарға қолданылатын санитарлық ережеге толықтырулардың негізінде Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі жүзеге асырады.

Агрегаттық күйіне /сұйық немесе қатты/ қарамастан, барлық радиоактивті қалдықтар көмуге жатқызылады.

1.1. Радиоактивті қалдықтарға қолданылатын санитарлық ережелерге сәйкес сұйық радиоактивті қалдықтар мынандай санаттарға бөлінеді:

- 1×10^{-5} Ки/л/370 КБк/л/ дейін - әлсіз әрекеттегілер;
- 1×10^{-5} Ки/л-ден 1×10^{-1} Ки/л /370 КБк/л/ мен 37 ГБк/л аралығына дейін - орташа әрекеттегілер;

- 1×10^{-1} Ки/л /37 ГБк/л/ және одан да жоғары - жоғары әрекеттегілер.

1.2. Қатты қалдықтардың үлестік әрекеттілігі:
бета-әрекетті заттар үшін - 2×10^{-6} Ки/г/74 КБк/кг/-ден артық альфа-әрекетті

заттар үшін - 2×10^{-7} Ки/кг/7.4 КБк/кг/-ден артық;
гамма әрекетті заттар үшін - 1×10^{-7} экв.Ра/кг/0.05 пГр м м/с кг/-ден артық;
трансуранды элементтер үшін - 1×10^{-8} Ки/кг/0.37 Бк/кг/-ден артық болса
радиоактивті деп саналады.

1.3. Сыртқы бетінің 10 см қашықтықтағы мөлшерінің қуатына қарай қатты радиоактивті қалдықтар үш топқа бөлінеді:
1-топ -0,3 мЗв/ч/30 мбр/ч/-ге дейін;
2-топ -0,3 мЗв/ч/30 мбр/ч/-ден 10 мЗв/ч/-ға дейін;
3-топ 10 мЗв/ч/1000 мэбр/ч/-ден жоғары.

Баламды әсер ету мөлшерінің пайда болған қуат деңгейі табиғи сәулелену деңгейімен пайда болған қуатқа қосылмайды.

1.4. Көмуге уақытша рұқсатты:

- қалдықтардың жалпы әрекеттілігі радиотоксинділік бойынша және В радионуклид топтары үшін 1000 кюриден жоғары және радиациялық қауіпсіздік нормаларына сәйкес В және Г топтары үшін жоғары болса, Қазақстан Республикасының экология және биоресурстар министрлігі;

- қалдықтардың жалпы әрекеттілігі радиотоксинділік бойынша 100 кюриден кем және В және Г топтары үшін 1000 кюриден кем болса радионуклид топтары үшін Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің облыстық /қалалық/ органдары береді.

Ескерту: радиоактивті қалдықтардың қандай да бір болмасын санатын /түрін/ көму жөніндегі көрлердің /қоймалардың/ тізбесі олар іске қосылған соң қосымша ж а с а л а д ы .

1.5. Тау-кен өндіретін, уран өндіретін және басқа да салалардың кәсіпорындарындағы табиғи радионуклидтердің жоғары деңгейдегі үйінділері /қалдықтары/ радиоактивті рудаларды өндіру мен қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды тарату мен қайта бейімдеудің санитарлық ережелерінің талаптарына сәйкес көмуге жатқызылады. Бұл қалдықтарды орналастыруға рұқсат "Табиғатты пайдалануға рұқсат берудің уақытша тәртібіне" сәйкес б е р і л е д і .

2. Радиоактивті қалдықтарды көмуге уақытша рұқсат алу үшін Экология және биоресурстар министрлігіне мынадай құжаттар тапсырылады:

көмуге жататын радиоактивті қалдықтардың түрі, көлемі, әрекет ету деңгейі /иондық сәулелену көздері/ көрсетілген өтінім /N1 қосымша/;

кәсіпорынның ядролық материалдар мен олардың негізінде бұйымдар жасау, қолдану және пайдалану жөніндегі қызметін жүзеге асыруға немесе радиоизотоптық көздермен жұмыс істеуге құқын куәландыратын құжаттың /рұқсат қағаз, санитарлық төлқұжат/ көшірмесі.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда радиоактивті

қалдықтарды көмуге уақытша рұқсат беру туралы мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен оның органдары өздерінің ұйғарымы жасауына қарай кәсіпорындардан /ұйымдардан/ қосымша ресми құжаттарды немесе ақпаратты талап ете алады.

радиоактивті қалдықтарды жинап, көметін мемлекеттік жүйеге кіретін қойма /көр/ әкімшілігімен немесе ведомстволық бағыныстағы қойма /көр/ басшылығымен РАК-ты көмуге келісім, шарт жасасу;

радиоактивті қалдықтарды республиканың халық шаруашылығында пайдалану мүмкін еместігі туралы Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің қорытындысы;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік автоинспекция бөлімшелерімен келісілген маршрут бойынша радиоактивті қалдықтарды тасымалдауға Мемлекеттік санитарлық қадағалау орындарынан р ұ қ с а т а л у .

3. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің органдары жоғарыда ұсынылған тізімдегі құжаттардың деректерінің дұрыстығын тексеруге, қажет болған жағдайда құзырлы ұйымдар мен мекемелердің мамандарын тартуға құқы бар. Кәсіпорындар осы жұмысқа қатысты барлық керекті ақпаратпен қамтамасыз етуге міндетті.

4. Радиоактивті қалдықтарды көмуге уақытша рұқсат қағаз белгіленген нұсқа бойынша /N 2 қосымша/ толтырылады және радиоактивті қалдықтарды көмуге арналған журналда міндетті түрде тіркеледі және 6 айдан аспайтын мерзімге б е р і л е д і .

5. Уақытша рұқсат қағазы 2 данада жасалып: Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінде /Радиоэкология басқармасында/ немесе рұқсат қағазын берген оның жергілікті органдарында, қалдықтарды көмуге рұқсат алған кәсіпорын әкімшілігінде /бір данадан/ сақталады.

6. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар жөніндегі министрліктің органдары өтінім қабылданған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей кәсіпорынға уақытша рұқсат береді немесе рұқсат беруден бас т а р т а д ы .

7. Кәсіпорын уақытша рұқсатты жүзеге асырудың келісілген талаптарын сақтамаған жағдайда Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің органдары істі тоқтатуды немесе күшін жоюы мүмкін.

8. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің органдары шешім қабылданған күннен бастап 10 күннен кешіктірмей уақытша рұқсаттың қолданысын тоқтату немесе күшін жою туралы шешімін кәсіпорынға ж а з б а ш а т ү р д е х а б а р л а й д ы .

9. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі

органдарының радиоактивті қалдықтарды көмуге уақытша рұқсат беруден бас тартуы немесе оның күшін жою шешімі туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен сотқа және төрелік сотына шағымдануға болады.

№ 1 қосымша

Радиоактивті қалдықтарды көмуге

ӨТІНІМ

1. _____

/рұқсат берген табиғат қорғау жөніндегі органның атауы/

2. _____

/кәсіпорынның атауы, оның ведомстволық бағыныстылығы/

3. Кәсіпорынның мекен-жайы: _____

4. _____

/радиоактивті қалдықтарды көмуді жүзеге асыратын объектінің

атауы, оның ведомстволық бағыныстылығы/

5. Көрдің /қойманың/ орны _____

6. Радиоактивті қалдықтардың сипаттамасы: _____

/ түрі, қалдықтардың атауы/

келіп түскен қалдықтардың баланстық санының есебінде алынған

радиоактивті қалдықтар пайда болған технологиялық процесс немесе өнд.

/қалдықтардың радионуклидтік құрамы, оның көлемі, жалпы әрекеттілігі

және радиациялық қауіптілік тобы/

/қалдықтардың физикалық сипаттамасы/өрт және жарылғыш қауіп бар

және басқа да ерекше сипаттамасы/

Мөр орны

Кәсіпорын басшысы

№ 2 қосымша

Радиоактивті қалдықтарды көмуге

РҰҚСАТ ҚАҒАЗ " "

199 жылы берілді Дана N _____

Кәсіпорынның атауы _____

Кәсіпорынның заңды мекен-жайы _____

Көмуге рұқсат етіледі _____

қалдықтардың аты және радиациялық

қауіптілік тобы

көрдiң /қойманың/ атауы, заңды мекен-жайы және қай ведомствоға

қарайтындығы

Саны _____

/қалдықтардың жалпы әрекеттілігі көрсетілген көлемі/

Келісілген шарттар _____

Рұқсаттың іске асырылу мерзімі 199 ж. " " _____

/әкімшілік органның атауы/

Табиғат қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор

/қолы/

/Аты-жөні - фамилиясы/

" " _____ 199 ж.

N 3 қосымша

Т а б и ғ а т

қ о р ғ а у

ж ө н і н д е г і

органның атауы

Радиоактивті қалдықтарды көмуге қатысты рұқсатты тіркеу

ЖУРНАЛЫ

1. N
2. Радиоактивті қалдықтарды көму әдісі және рұқсаттың тіркелу N /нөмірі/
3. Тіркеу мерзімі
4. Рұқсат алған кәсіпорынның атауы, мекен-жайы, қай ведомствоға қарайтындығы
5. Рұқсатты іске асыру мерзімі

6. Радиоактивті қалдықтардың атауы, радионуклидтік және химиялық құрамы, агрегаттық күйі
 7. Радиациялық қауіптілік тобы
 8. Радиоактивті қалдықтарды көму объектісінің атауы, мекен-жайы, оның қай ведомствоға қарайтындығы
 9. Себебі көрсетіліп рұқсаттың күші жойылған күні
- Ескерту: Журнал нөмірленіп, тігіледі және мөр басылады